

**"Бозкөл селолық округі елді мекендерінің құрамды бөліктеріне атауларын беру туралы"
2009 жылғы 6 ақпандағы № 2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Бозкөл ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 шілдеде № 4934 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Бозкөл ауылдық округінің әкімі

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. "Бозкөл селолық округі елді мекендерінің құрамды бөліктеріне атауларын беру туралы" Бозкөл ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 6 ақпандағы № 2 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-12-102 тіркелген, 2009 жылғы 12 наурызда "Айна" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

- шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

С. Тюлюбаев